

FTAMP: 06.81.85

DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2022-55-2-6-12>**Б.С. Утибаев^{1*}**

э.ғ.к., профессор
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университеті» КеАҚ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: ubs_51@mail.ru

Б.И. Туkenова¹

сертификатталған бухгалтер, аға оқытушы
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті» КеАҚ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: bereke.www@mail.ru

АУДИТ БАРЫСЫНДА АНАЛИТИКАЛЫҚ ПРОЦЕДУРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Отандық аудит тәжірибесінде аудиттің бірқатар ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелері, оның ішінде аналитикалық процедураларды қолдану әдістемесінің ерекшеліктері әлі күнге дейін біржолғы шешімдерін таба алған жоқ. Ал аудиторлардың бәсекеге қабілеттілігі көбінесе олардың аналитикалық процедураларды білуіне байланысты. Мақалада коэффициенттерді талдау және тенденцияларды анықтау, соның ішінде олардың өзгерістері мен байланыстарын кейінгі зерттеуді білдіретін аналитикалық процедураларды қолдану әдістемесі қарастырылады. Бұл процедуралар жақсы «жалпы» дәлелдемелерді қамтамасыз ететіні, баптарды бағалау маңызды емес дәлелдемелердің жеткілікті мөлшерін бере алатыны атап өтілген. Қаржылық есеп беру аудитінде аналитикалық процедураларды қолдану әдістерін әзірлеудің әр түрлі тәсілдері негізделген, бұл әр түрлі дәрежедегі егжей-тегжейлі бизнесті басқарудың қолданыстағы жүйесінің жұмыс істеуінің жеткіліктілігі мен мақсаттылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: аналитикалық процедуралар, қаржылық есеп, аудит, қаржылық көрсеткіштер, «ерекше ауытқулар», аудитор.

■ Кіріспе

Бүгінгі күні экономиканың және экономикалық қатынастардың дамуы аудиттің назарын оның аналитикалық бағытына ауыстыруды қажет етеді. Аудиттің аналитикалық бағыты негізінен аналитикалық процедураларды сауатты қолданумен анықталады.

Мақалада қаржылық есептіліктің сенімділігі туралы кәсіби пікірді қалыптастыруда аналитикалық процедураларды қолдану мәселелері қарастырылған. Осыған байланысты аналитикалық процедураларының түсінігі мен мазмұны бойынша авторлық пікірлер және аудиторлық дәлелдемелер ретіндегі олардың құрамы бағаланған.

Сонымен қатар, аудит барысында аналитикалық процедураларды қолдану бойынша зерттеулер жүргізу қажеттілігі, біріншіден, аудиторлардың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты, себебі оның деңгейі көбінесе аудитордың аналитикалық процедураларды білуі мен соларды пайдалануы арқылы дәлелденеді, екіншіден, аудит процесінде қолданылатын және аудиттелетін компанияның бухгалтерлік есебіндегі тәуекел аймақтарын анықтауға мүмкіндік беретін аналитикалық зерттеулердің жан-жақтылығы арқылы анықталады.

Осы мақаланы жазудың **мақсаты** аудит барысында талданып отырған қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерінің арасындағы себеп-салдар байланыстарына негізделген аналитикалық процедураларды жүйе ретінде қолданудың ерекшеліктерін қарастыру болып табылады.

Мақалада қойылған мақсатты ашу мен зерттеу барысында жалпы теориялық әдістер, оның ішінде формалдық логика әдісі, жалпы экономика-статистикалық әдістер, оның ішінде топтастыру, салыстыру, коэффициенттер әдісі қолданылды.

Әдебиеттерге шолу жасаудың нәтижесі бойынша келесі шетелдік экономистер ғалымдар А.Аренс, Дж.Лоббек [1], Дж.Робертсон [2] және т.б. экономикалық талдау әдістерін аудит барысында құрал ретінде қолданудың мүмкіндігі мен қажеттілігін өз еңбектерінде атап өткен.

Сонымен бірге, келесі ресейлік және отандық ғалымдардың, атап айтқанда Шеремет А.Д., Суйц В.П. [3], Подольский В.И., Савин А.А. [4], Черных М.Н., Юдина Г.А. [5], Дюсембаев К.Ш., Егембердиева С.К., Дюсембаева З.К. [6], Ержанов М.С., Дайлетбаков Г.Б., Ержанова А.М., Байдиқов А.М. [7], Нурсейтов Э.О. [8] және басқаларының еңбектерінде [9] аудит теориясы мен аудитте аналитикалық процедураларды қолданудың мәселелері қарастырылған.

Қазіргі таңда аналитикалық процедуралардың кезеңдері мен түрлерін анықтауға көптеген авторлық көзқарастар бар. Мысалы, М.Ю. Мелтонян [10] аналитикалық процедураларды қолдану көлемі мен күрделілігін ескере отырып жіктелуі керек деп есептейді, ал Я.В. Степанова [11] аналитикалық процедураларды ерекше белгілерге сәйкес топтастыруды ұсынады. Е.Б. Герасимова [12] болса жеке бақылау функциялары шеңберінде аналитикалық процедураларды анықтау тәсілін жүзеге асыру қажет дейді. Ал М.В. Мельник [13] экономикалық талдау блоктары үшін аналитикалық процедураларды бөліп көрсетуді ұсынады.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектеріне жасалған шолу аналитикалық процедураларды қаржылық есептілік аудитінде жүйе ретінде қолдану мәселелері орын алғанын және де ғылымда сол мәселелерге айтарлықтай көңіл бөлуінін айта отырып, сонымен бірге олардың әлі де шешімдері анықталмаған деп есептейміз. Сондай-ақ, қаржылық есептілікті бұрмалау мәселесін зерттеудің және қателерді анықтауға мүмкіндік беретін барлық жиынтық жалпы экономикалық әдістерді қамтитын аудиттің кешенді аналитикалық процедуралары жоқ екенін атап өткен жөн.

■ Талқылау

Әрбір білім саласында, жалпы әдістерден басқа, нақты сол саладағы зерттеудің ерекшеліктері мен міндеттеріне барынша сәйкес келетін арнайы әдістер қолданылады. Аудитте де осындай жағдай қалыптасқан, яғни ол да нақты әдістемелік әдістердің арсеналына ие. Бұл арада біз сондай әдістерге сипаттамалар бермейақ қойайық, өйткені ондай әдістер жөнінде әдебиетте көп айтылады.

Бұл мақалада біз аудитте аналитикалық процедураларының қолдануы талданып отырған қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарға тәуелді болуын қарастырамыз.

Аналитикалық процедуралар ретінде біз ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуге, техникалық құралдардың және маман ресурстарының (білікті кадрлардың) болуына байланысты қаржылық талдаудың егжей-тегжейлілігін түсінеміз. Жиынтықтап, жалпылай алғанда, қаржылық талдау барысында қолданылатын стандарттық процедураларға шамамен бағалауларды пайдалануды, өткен кезеңнің нәтижелерін пайдалануды және салалық көрсеткіштерін пайдалануды жатқызуға болады [14].

Аналитикалық процедураларды қолдану әдістемесінің мәні болып экономикалық субъектінің қызметін сипаттайтын параметрлер арасындағы тәуелділікті анықтау табылады. Мұндай тәуелділіктердің динамикасы әдетте тұрақты болғандықтан, нәтижесінде пайда болатын өзгерістер логикалы болуы тиіс.

Бұл арада аналитикалық процедураларды пайдаланудың мақсаты неде? деген сауал пайда болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, аналитикалық процедураларды қолданудың негізгі мақсаты аудитордың ерекше назарын талап ететін және ықтимал тәуекелдің аумағын анықтайтын шаруашылық іс-әрекеттің нәтижесін дұрыс көрсетпейтін немесе әдеттен тыс фактілердің бар немесе жоқ екенін анықтау болып табылады.

Кейбір нақты аудиторлық тапсырмалар үшін немесе шоттардағы қалдықтар аз болған жағдайда тек аналитикалық процедураларды қолдану арқылы сенімді дәлелдемелерді алуға болатынын атап өткен жөн. Оның үстіне, олар әдетте бастапқы құжаттарға және синтетикалық пен аналитикалық есеп регистрлеріне бағытталған егжей-тегжейлі процедураларға қарағанда арзанырақ болады. Бірақ, әдетте, аналитикалық процедураларды қолдану жеткілікті емес. Дегенмен, «дәл» ақпаратты қамтамасыз ететін процедуралардың да кемшіліктері бар: аудитор кемшіліктерді анықтауға

соншалықты құзыретті болмауы мүмкін, ал клиент, өз кезегінде, алдын-ала жалған ақпарат беру арқылы аудитордың пікіріне әсер етуі мүмкін.

Отандық аудит тәжірибесінде аналитикалық процедураларды қолдану мәселесінде екі аспект атап өткен жөн деп есептейміз. Біріншісі – ол оның кең түріндегі аспект. Оны былай түсіндіруге болады: аудитте талдау процедураларын қолдану әдістемесін және олардың нәтижелері бойынша шешім қабылдау критерийлерін анықтау. Бірақта, бұл арада, жалпы осыған байланысты стандарттар, нормалар болуы мүмкін бе? деген сауал қоюға болады.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, мұндай стандарт-нормалардың болуының пайдалылығы мен тіпті қажеттілігін көруге болады. Бірақта, сонымен бірге, ондай нормалар әртүрлі жағдайлар бойынша қандай нақты талдау процедуралары орындалуы керектігі туралы нұсқауларды қамтымауы керек. Ондай шешімді аудитордың өз еркіне қалдыру дұрыс болады, өйткені тексерілетін объектілердің әртүрлі болуына байланысты қандай да бір әрекеттер сәтсіздікке әкелуі мүмкін. Демек, сонымен қатар, олар аудиторларға жүргізілетін тексерулердің неғұрлым жоғары тиімділігіне қол жеткізуге көмектесетін сол тексерулердің әртүрлі кезеңдерінде процедураларды қолданудың нұсқауы болуы тиіс.

Екіншісі, ол бұл мәселенің тар аспектісі деп айтуға болады. Оның мағынасы – ол аудит мақсаттына сәйкес келетін аналитикалық процедураларды тікелей таңдау [15].

Аналитикалық процедураларды қолданудың негізгі ерекшелігі ретінде сандық көрсеткіштер арасындағы байланыс бар және болады да деген болжамды айтуға болады, өйткені керісінше дәлелдер жоқ және осындай жағдай жалғасуда деген болжамға негізделеді. Мұндай арақатынастың болуы бухгалтерлік есептен алынған мәліметтердің толықтығына, дұрыстығына және сенімділігіне қатысты аудиторлық дәлелдемелермен қамтамасыз етеді. Аудитордың аналитикалық процедуралардың нәтижелеріне сүйену дәрежесі оның тәуекелді бағалауына байланысты, себебі болжамды деректерге негізделген аналитикалық процедуралары қатенің жоқтығын көрсетуі, ал шын мәнінде тексерілетін сома елеулі түрде бұрмаланғаны болуы мүмкін кездегі.

Мұндай жағдайлар, яғни тәуекелді бағалау қажеттілігі, мысалы, аудиттелетін тұлға жөніндегі қаржылық және басқада ақпараттарды өткен кезеңнің ақпараттарымен немесе сол тұлғаның іс-әрекетінен күтілетін нәтижелік көрсеткіштермен немесе басқа бір сәйкес іс-әрекет атқаратын ұйымның ақпараттарымен салыстыру бойынша қарастырғанда орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, аналитикалық процедураларды аудиттелетін тұлғаның тәжірибесі негізінде болжамдаған ақпараттың элементтері арасындағы немесе қаржылық ақпарат пен басқа ақпараттың (мысалы, еңбек ақы шығындары мен жұмысшылар саны) арасындағы арабайланысты қарастырғанда да тәуекелді бағалау қажетті болады [16].

Аналитикалық процедураларды қолдану өтімділік пен төлем қабілеттілігінің коэффициенттерін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштерін есептеуді де қажет етеді. Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштердің есептеулері компанияның перспективасы туралы қорытындылар алуға және оның қызметінің үздіксіздігі туралы болжамды қолдану мүмкіндігін бағалауға бағытталған. Ал мұндай болжамды қолданылуына күмәндандудың себебі белгілі бір есептеулермен, соның ішінде аналитикалық әдістерді қолданумен анықталады [17]. Атап айтқанда:

- таза активтер құнының тапшылығы немесе таза активтерге қатысты заңнамада белгіленген талаптардың орындалмауы;
- шаруашылық субъектінің қаржылық жағдайын сипаттайтын негізгі коэффициенттер мәндерінің олардың шекті мәндерінен елеулі ауытқуы;
- негізгі іс-әрекеттен айтарлықтай заладардың болуы;
- кредиторлық берешектерді уақытында өтеу қабылетсіздігі.

Біздің пікірімізше, қазіргі уақытта әлемдік бухгалтерлік есеп пен қаржылық-аналитикалық тәжірибеде аналитикалық процедуралардың логикасын негіздеу тәсілі барған сайын негізгі пайдаланушыға – компания иесіне бағытталғаны таныла бастаған сияқты. Өйткені меншік иесінің аналитикалық сұраныстары пайдаланушылардың басқа санаттарының сұрауларына қарағанда әрқашан кеңірек болады деп саналады. Сондықтан, жариялы есептілік нысандары, құрамы мен мазмұны және солардың негізінде есептелетін аналитикалық көрсеткіштер тұрғысынан меншік иелерін толық қанағаттандырғандықтан, олар осы негізгі параметрлер бойынша сыртқы пайдаланушылардың басқа санаттарының талаптарын да қанағаттандырады.

Бірақта, сонымен қатар, сол аталмыш есептіліктің аудиті процесінде аудиторға аналитикалық процедураларды таңдау барысында өзінің кәсіби пайымдауларын қолдануы тиіс және шаруашылық субъектінің жеке ерекшеліктерін ескеруі қажет. Белгілі бір аудит мақсатына қол жеткізу үшін қандай процедураларды қолдану керектігі туралы шешім аудитордың қолда бар процедуралардың күтілетін тиімділігі мен рационалдығына қатысты пайымдауына негізделеді, өйткені аналитикалық процедуралар, жалпы процедуралар ретінде мәні бойынша, қаржылық есептіліктің нақты көрсеткіштеріне қатысты тәуекелдерді азайту үшін қажет.

Сонымен қатар, аналитикалық процедураларды қолдану клиенттің бизнесін, оның жұмыс істеу шарттары мен шектеулерін, саладағы жағдайын, компания қызметінде орын алған маңызды үрдістердің немесе арнайы оқиғалардың өзгерістерін түсінуге мүмкіншілік беруі тиіс. Басқаша айтқанда, мұның бәрі аудитті жоспарлау барысында есепке алынуы тиіс. Мысалы, қандай бір компанияның қаржылық есептілігінің әртүрлі баптарын бағалау үшін аудитті жоспарлау барысында үлгі ретінде мына аналитикалық процедураларды ұсынуға болады (1 кесте).

1 кесте. Аудитті жоспарлау барысындағы аналитикалық процедуралары

Аналитикалық процедура	Мазмұны
Қаржылық нәтижені бағалау, тенденцияны анықтау	Клиент қызметінің нәтижесі күрт нашарлауы да, күрт жақсаруы да күдікті. Пайда бар болуының өзі басқа кезеңдердегі пайдадан бірнеше есе жоғары пайда алу фактісі сияқты мұқият бағалануы керек.
Банктерге берешектерін және есептелген пайыздардың берешектердің орташа сомасына қатынасын бағалау	Егер арақатынас айтарлықтай көп өзгерсе, онда пайыздар бойынша шығындарда қателіктер болуы мүмкін
Кредиторлық және дебиторлық айналымдылықты бағалау	Елеулі өзгерістер сатудың дұрыс көрсетілмеуін немесе төлемдерді уақытында өтелмеуін немесе күмәнді қарыздар бойынша провизиялардың дұрыс есептелмеуін көрсетуі мүмкін.

Бірақта, тәжірибе көрсеткендей, қаржылық есептіліктің абсолютті көрсеткіштерін зерттеуге негізделген қорытындылар аса сақтықты талап етеді. Мұндай жағдайды абсолютті мәндердің өзгеруін инфляцияның әсері арқылы талқылау бір мәнді болуы мүмкін еместігімен түсіндіруге болады.

Осыған байланысты салыстырмалы көрсеткіштерді талдау жалпы қабылданған аналитикалық процедура болып саналады. Салыстырмалы көрсеткіштер өз кезегінде баланстық көрсеткіштерге, қаржылық нәтижелер жөніндегі есеп берудің көрсеткіштері мен оларды пайдалану және аралас көрсеткіштерге бөлінеді.

Егер аудит компанияның қаржылық жағдайын бағалау кезінде аналитикалық коэффициенттердің есептеулерімен бірге жүргізілсе, онда, әрине, қаржылық есептілік аудитінің нәтижелеріне пайдаланушылар тарапынан сенімділік арта түседі. Бірақта, бұл арада мынадай сауал қоюға болады: өтімділік коэффициенттердің деңгейін, капиталдағы заемдық құралдардың үлесін, қаржыландырудың немесе қаржылық тұрақтылықтың коэффициенттерін зерттеу бізге не береді? Мысал ретінде қатынастарды талдау мен нәтижелерді интерпретациялау (қорытындылау) үшін аналитикалық процедураның осындай түрін пайдалануды қарастырайық (2 кесте).

2 кесте. Қаржылық тұрақтылықтың шартты көрсеткіштері

Коэффициенттер	Шекті мәндері	Базисті жыл	Өткен жыл	Есепті жыл
1. тәуелсіздік	0,5-0,6	0,40	0,33	0,35
2. тәуелділік	0,4-0,5	0,60	0,67	0,65

Коэффициенттер	Шекті мәндері	Базисті жыл	Өткен жыл	Есепті жыл
3. қаржыландыру	> 1	0,66	0,5	0,53
4. қаржылық левереджw	төмендеуі - оңынан бағаланады	1,37	1,82	1,73
5. маневрлік	≥ 0,5	0,45	0,34	0,41
6. қаржылық тұрақтылық	нормасы = 0,9 дағдарыстық = 0,75	0,57	0,59	0,67

2 кестеде келтірілген мәліметтер бойынша бірізді қорытынды жасауға болады: қаржылық тұрақтылықтың барлық көрсеткіштері олардың шекті мәндеріне сай емес. Оның үстіне, қаржылық левередж коэффициентті деңгейінің жоғарылауы қазірдің өзінде жоғары қаржылық тәуекел болып табылады.

Осындай жағдайларда қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің жоғарылауы компанияның қаржылық жағдайының жақсаруын сипаттайтын сияқты, алайда қаржыландыру коэффициентінің өте төмен деңгейі оның ұзақ мерзімді міндеттемелерге байланысты екенін көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, бөлшектеу компанияның қаржылық жағдайын егжей-тегжейлі бағалауға мүмкіндік береді. Біздің мысалда барлық көрсеткіштердің қолайлы нормалардан айтарлықтай теріс айырмашылығы бар, сол себептен олар банкроттықтың салыстырмалы түрде жоғары тәуекелінің симптомы болады, яғни бұл компанияның күрделі қаржылық қиындықтарға тап болғаны. Сонымен қатар, олар тіпті қаржылық есептілікті жасаудағы үздіксіздік қағидасының өзінің сақталуына да күмән келтіреді.

Аналитикалық процедураларды қолдану экономикалық көрсеткіштердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігіне байланысты болғандықтан, байланыстарды аналитикалық бағалау аудиторлық дәлелдемелердің толықтығын, бухгалтерлік есептен алынған мәліметтердің дұрыстығы мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

Тәжірибеде аналитикалық процедураларды жүзеге асыру оларды қолданудың тиімділігі тұрғысынан қарастыру қажет, себебі олар сандық синтетикалық және аналитикалық көрсеткіштердің үлкен жиынтығымен тиімді, типтік операциялар үшін тиімдірек және жеткілікті дәлелдер алу мүмкін емес жағдайларда оларды пайдалану неғұрлым қолайлы.

■ Қорытынды

Аналитикалық процедуралар есепті-сараптамалық қызметте де, аудиторлардың қызметінде де пайдаланылады. Ал талдаудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану аналитикалық процедуралардың нақты түріне тәуелді.

Аналитикалық процедураларын сәтті қолдану мәселелерін шешуде маңызды рөл экономикалық ғылымға тиесілі деп есептейміз. Сондықтан, отандық аналитиктердің де тәжірибесін, шетелдік тәжірибелердің әртүрлі тәсілдерін де (әрине, қажетті түзетулер негізінде) ескере отырып, аудит мақсатына қажетті тиімді процедураларды әзірлеу қажет.

Нәтижелерді бағалау және аудиторлық процедураларды орындағаннан кейін қорытынды жасауды аудитор анықтаған әдеттен тыс ауытқуларды түсіндіру және қорытындылау үрдісі ретінде тұтас қарастырған дұрыс болады.

Әдеттен тыс ауытқуларды талдау және де аналитикалық процедураларды жоспарлау мен орындауды аудитор тексеру жүргізу бойынша жасалатын жұмыс құжаттарында көрсетуі тиіс.

Сонымен бірге, аудитор, оларды аудиторлық тұжырымдама жасауға қажетті аудиторлық дәлелдемелер алу және де аудит нәтижелері бойынша шаруашылық субъектінің басшыларына жазбаша ақпарат дайындау үшін пайдаланады.

Отандық аудиторлық тәжірибеде аналитикалық процедураларды тек қаржылық талдау тұрғысынан компанияның қаржылық жағдайын, оның қызметінің үздіксіздігінің болашағын және оның жалпы өмірінің қабылеттілігін бағалау мақсатында түсінуге болмайды деп ойлаймыз.

Аналитикалық процедуралар аудитті дұрыс ұйымдастыру, компаниялардың қаржылық есеп беруіндегі бұрмалану фактілерін анықтау және қаржылық есеп берудің сенімділігі туралы объективті пікір білдіруге қажетті аудиторлық дәлелдемелердің жеткілікті мөлшерін жинау үшін пайдаланылатын тәуелсіз аудит құралы ретінде қолданылуы мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аренс Э.А., Лоббек Дж. К. Аудит. / Учебник. М.: Финансы и статистика, 2001.560с.
2. Робертсон Дж. К. Аудит. // Перевод с англ. М.: Контакт, 2014. 496 с.
3. Шеремет А.Д., Суйц В.П. Аудит: Учебник. - 5-е изд., перераб. и доп. - М.: Инфра-М, 2009. - 448 с.
4. Подольский В.И., Савин А.А. Аудит: учебник. - 3-е изд. - М.: Юрайт, 2011. - 605 с.
5. Черных М.Н., Юдина Г.А. Основы аудита: учебное пособие. - 4-е изд., стер. - М.: Кнорус, 2011. - 352 с.
6. Дюсембаев К.Ш., Егембердиева С.К., Дюсембаева З.К. Аудит и анализ финансовой отчетности. Алматы: Каржы-Каражат. 2014. 452с.
7. Ержанов М.С., Дайлетбаков Г.Б., Ержанова А.М., Байдиқов А.М. Аудит. / Учебник. Алматы: Издательство «Бастау», 2008. 382 с.
8. Нурсейитов Э.О. Аудит: Краткое руководство. / Алматы: ТОО «Издательство LEM». 2015. 236 с.
9. Процедуры осуществления налогового аудита в Казахстане. Нур-Султан, 2019 г. / Отв. ред.: Березюк В.И., Бек А.О. : КарЭУ Казпотребсоюза, 2019. – 10-13 с.
10. Мелтонян, М. Ю. Аналитические процедуры в аудите затрат на производство продукции перерабатывающих предприятий [Текст] : дис. ...канд. экон. наук / М. Ю. Мелтонян ; Рязанский. гос. радиотехнический ун-т. – Рязань, 2009.
11. Степанова, Я. В. Аналитические процедуры в аудите. Обзор подходов [Текст] / Я. В. Степанова // Консалтинг, контроль, аудит. – 2012. – № 3(9).
12. Герасимова, Е. Б. Аналитические процедуры управления деятельностью кредитной организации [Текст] / Е. Б. Герасимова // Вестник ТГТУ. – 2005. Том 11. № 2Б.
13. Мельник, М. В. Методология аудита: развитие новых направлений [Текст] / М. В. Мельник, В. Г. Когденко // Аудиторские ведомости. – 2005. – № 10.
14. Финансовая отчетность и методика анализа ее показателей / Учебник. // Под общей ред. Б.С. Утибаева. Астана: КазАТУ им.С.Сейфуллина, 2018. 317с.
15. Аналитические процедуры в оценке системы внутреннего контроля затрат на качество. Аманжолова Б.А., Еременко Е.С. // Аудит и финансовый анализ, 2009 № 3. - с. 307 - 311.
16. Аналитические процедуры в аудиторской деятельности. Галкина Е.В. // Аудитор, 2009 № 8. - с. 13 - 19.
17. Аналитические процедуры на этап планирования аудита. Роженцова И.А. // Бухгалтерский учет, 2009 № 6. - с. 72 – 74.

References:

1. Arens E.H.A., Lobbek Dzh. K. Audit. / Uchebnik. M.: Finansy i statistika, 2001.560s.
2. Robertson Dzh. K. Audit. // Perevod s angl. M.: Kontakt, 2014. 496 s.
3. Sheremet A.D., Suits V.P. Audit: Uchebnik. - 5-e izd., pererab. i dop. - M.: Infra-M, 2009. - 448 s.
4. Podol'skii V.I., Savin A.A. Audit: uchebnik. - 3-e izd. - M.: Yurait, 2011. - 605 s.
5. Chernykh M.N., Yudina G.A. Osnovy audita: uchebnoe posobie. - 4-e izd., ster. - M.: Knorus, 2011. - 352 s.
6. Dyusembaev K.S.H., Egemberdieva S.K., Dyusembaeva Z.K. Audit i analiz finansovoi otchetnosti. Almaty: Karzhy-Karazhat. 2014. 452s.
7. Erzhanov M.S., Dailletbakov G.B., Erzhanova A.M., Baidikov A.M. Audit. / Uchebnik. Almaty: Izdatel'stvo «BastaU», 2008. 382 s.
8. Nurseitov E.H.O. Audit: Kratkoe rukovodstvo. /Almaty: TOO «Izdatel'stvo LEM». 2015. 236 s.
9. Protsedury osushchestvleniya nalogovogo audita v Kazakhstane. Nur-Sultan, 2019 g. / Отв. ред.: Berезyuk V.I., Bek A.O. : KaREHU Kazpotrebsoyuza, 2019. – 10-13 s.
10. Meltonyan, M. YU. Analiticheskie protsedury v audite zatrat na proizvodstvo produktcii pererabatyvayushchikh predpriyatii [Tekst] : dis. ...kand. ehkon. nauk / M. YU. Meltonyan ; Ryazanskii. gos. radiotekhnicheskii un-t. – Ryazan', 2009.
11. Stepanova, YA. V. Analiticheskie protsedury v audite. Obzor podkhodov [Tekst] / YA. V. Stepanova // Konsalting, kontrol', audit. – 2012. – № 3(9).
12. Gerasimova, E. B. Analiticheskie protsedury upravleniya deyatelnost'yu kreditnoi organizatsii [Tekst] / E. B. Gerasimova // Vestnik TGTU. – 2005. Tom 11. № 2B.
13. Mel'nik, M. V. Metodologiya audita: razvitie novykh napravlenii [Tekst] / M. V. Mel'nik, V. G. Kogdenko // Auditorskie ведомosti. – 2005. – № 10.
14. Finansovaya otchetnost' i metodika analiza ee pokazatelei / Uchebnik. // Pod obshchei red. B.S. Utibaeva. Astana: KaZATU im.S.Seifullina, 2018. 317s.
15. Analiticheskie protsedury v otsenke sistemy vnutrennego kontrolya zatrat na kachestvo. Amanzholova B.A., Eremenko E.S. // Audit i finansovyi analiz, 2009 № 3. - s. 307 - 311.
16. Analiticheskie protsedury v auditorskoi deyatelnosti. Galkina E.V. // Auditor, 2009 № 8. - s. 13 - 19.
17. Analiticheskie protsedury na ehtap planirovaniya audita. Rozhentsova I.A. // Bukhgalterskii uchet, 2009 № 6. - s. 72 – 74.

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ АНАЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕДУР В АУДИТЕ

Утибаев Б.С.^{1*}

к.э.н., профессор
НАО «Казахский агротехнический университет
им. С.Сейфуллина»
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
e-mail: ubs_51@mail.ru

Тукенова Б.И.¹

Сертифицированный бухгалтер,
ст. преподаватель
НАО «Казахский агротехнический университет
им. С.Сейфуллина»
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
e-mail: bereke.www@mail.ru

Аннотация: В отечественной аудиторской практике ряд организационно-методических вопросов аудита, в том числе особенности методики применения аналитических процедур, пока не нашли единовременного решения. И конкурентоспособность аудиторов часто зависит от уровня их знаний аналитических процедур. В статье рассматриваются методы аналитических коэффициентов и использование аналитических процедур для выявления тенденций, включая последующее изучение их изменений и взаимосвязей. Было отмечено, что эти процедуры обеспечивают хорошие «общие» доказательства и что оценка статей может предоставить достаточно количество несущественных доказательств. Существуют разные подходы к разработке аналитических процедур при аудите финансовой отчетности, что позволяет оценить адекватность и целесообразность существующей системы детального управления бизнесом на разных уровнях.

Ключевые слова: аналитические процедуры, финансовый отчет, аудит, финансовые показатели, «особые отклонения», аудитор.

FEATURES OF APPLICATION OF ANALYTICAL PROCEDURES IN AUDIT

Utibayev B.S.^{1*}

candidate of economic sciences, professor
«Kazakh Agrotechnical University named after. S.
Seifullin» NJSC
Kazakhstan, Nur-Sultan
e-mail: ubs_51@mail.ru

Tukenova B.I.¹

certified accountant, senior lecturer
«Kazakh Agrotechnical University named after. S.
Seifullin» NJSC
Kazakhstan, Nur-Sultan
e-mail: bereke.www@mail.ru

Abstract: In domestic auditing practice, a number of organizational and methodological issues of audit, including the specifics of the methodology of applying analytical procedures, have not yet found a one-time solution. And the competitiveness of auditors often depends on their knowledge of analytical procedures. The article discusses the methods of analytical coefficients and the use of analytical procedures to identify trends, including the subsequent study of their changes and relationships. It was noted that these procedures provide good “general” evidence, and that the evaluation of articles can provide a sufficient amount of non-essential evidence. There are different approaches to the development of analytical procedures in the audit of financial statements, which allows you to assess the adequacy and feasibility of the existing system of detailed business management at different levels.

Keywords: analytical procedures, financial statements, audit, financial indicators, «unusual fluctuations», auditor.